

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ШЖҚ «ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ» МКК

«КЕЛІСІЛГЕН»

ҚР ДСӘД ғылым және адами
ресурстар департаментінің

 Каптағаева А.Қ.

«30» қаңтар 2017ж.

«БЕКІТЕМІН»

ШЖҚ «Жоғары медициналық
колледж» МКК директоры

 Саржанова А.Н.

«30» қаңтар 2017 ж.



ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
АМСК орта медицина қызметкерлеріне арналған

Мамандығы: «Мейіргер ісі»

Тақырыбы: «Мектептің орта медицина қызметкерлері үшін педиатрияның
өзекті мәселелері»

Оқу түрі: біліктілікті арттыру

Жалпы сағат саны - 54 сағ.

Дәрістер: 12 сағ.

Практикалық сабақтар: 24 сағ.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы: 18 сағ.

Астана қ., 2017 ж.

Жұмыс оқу бағдарламасы:

- ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 26.11.09 ж. № 788 бұйрығымен бекітілген «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша мемлекеттік қосымша білім беру стандарты.

- ҚР ДСМ 26.10.11 ж. №734 бұйрығымен бекітілген «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша ҚР қосымша медициналық білім берудің Үлгілік оқу бағдарламасы.

- «ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 26.11.09 ж. № 788 бұйрығымен бекітілген МЖМББС өзгерістер енгізу туралы» ҚР ДСМ 17.02.12ж. № 93 бұйрығы негізінде құрастырылған.

Оқу бағдарламасын құру бойынша жұмыс тобы: ШЖҚ «Жоғары медициналық колледж» МКК Астана қаласы әкімдігінің директоры м.ғ.д., доцент Саржанова А.Н., біліктілікті арттыру және қайта даярлау бөлімі меңгерушісі Д.Т.Кусмамбетова, арнайы пәндер оқытушысы Ж.А. Нурмагамбетова.

Жұмыс оқу бағдарламасы циклдік әдістемелік комиссиясының арнайы пәндер мәжілісінде қарастырылған («5» қаңтар 2017 ж. № 5 хаттама, Теслина Г.Н., циклдік әдістемелік комиссиясының төрайымы).

1. Түсіндірме жазба

Бағдарлама мектептің орта медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын сәйкес халық арасында, әсіресе мектеп жасындағы балалардың арасында аурулардың алдын алу күшейе түсуде. Медициналық бақылау мәліметтеріне сәйкес мектепте оқу барысында балалардың денсаулығы 4-5 есе төмендейді. Мектеп бітіру кезінде әрбір үшінші оқушы сығырлыққа, омыртқаның қисаюына, стоматологиялық ауруларға, ал әрбір төртіншісі – ас қорыту, зәр шығару жүйелерінің патологиясына шалдығады.

Балалар арасындағы жалпы аурулар құрылымында көру мүшелерінің патологиясы 15-20% құрайды. Соның ішінде көбінесе мектеп жасындағы балаларда пайда болып, жедел дамитын миопия кең тараған, ол көз құрылымын қайта қалпына келмейтін өзгерістерге әкеледі және көру қабілетін төмендетеді. Бұның барлығы миопияның дамуымен күрес жүргізудің мемлекеттік деңгейде маңыздылығын, сонымен қатар миопияның алдын алу шараларының қажеттілігін көрсетеді.

Бүгін балалардың өмірі өзгергені сөзсіз: гиподинамия өсті, қоршаған орта ластануы да ұлғайып жатыр, мектеп жүктемесі де өсті, ал ол өз кезегінде күйзеліс жағдайына әкеледі, мектеп оқушыларының зиянды әдеттерді үйренуі жиіледі, жалпы және санитарлық мәдениет нашарлады. Аталған факторлар балалар арасындағы асқорыту мүшелері ауруларының кең тарауына жол берді, әрі өсірді. Асқорыту мүшелерінің аурулар құрылымының трансформациясын көрсетті, олардың ішінде кең тарағаны созылмалы гастродуоденит, биллиарлық жүйенің функционалдық бұзылуы болды.

Осыған байланысты мектептегі орта медицина қызметкерлерінің білімі мен практикалық дағдыларының деңгейін арттыру өзекті болып отыр.

Бағдарламада қазіргі педиатрияның жетістіктері туралы ақпарат, Қазақстан Республикасында бала мен ананы қорғаудың басты бағыттары, тұмау, жіті ішек инфекциялары, ауа-тамшы инфекцияларының алдын алу және иммунопрофилактика мәселелері қарастырылған.

Теоретиялық сабақтар дәріс түрінде өткізіледі. Практикалық сабақтар жағдаяттық және клиникалық есептерді шешу, видеороликтерді қарау, презентацияларды қорғау және симуляциялық құралдарды қолданып, тәжірибелік іс-дағдыларды меңгеру түрінде өткізіледі.

Оқу барысында оқытудың заманауи әдістері, техникалық және көрнекі құралдар қолданылады.

Мақсаты: Мектеп жасындағы балалардың арасында салауатты өмір салтын ұйымдастыру, аурулардың алдын алу мәселелері бойынша мектептің орта медицина қызметкерлерінің білімі мен дағдылар деңгейін арттыру.

Міндеттері:

Біліктілікті арттыру циклын өткеннен кейін мектептің орта медицина қызметкерлері білуі тиіс:

- 18 жасқа дейінгі балалардың гигиенасына байланысты ҚР қазіргі заңнамалық құжаттарын;
- Мектеп жасындағы балалардың денсаулығын қорғау бойынша қағидаттар мен ережелерді;
- Мектеп оқушыларын профилактикалық қарау және диспансерлік бақылау;
- Түрлі аурулардың белгілерін ерте анықтауды;
- Иммунопрофилактика мәселелерін;
- Дұрыс тамақтану негіздерін;
- Медициналық манипуляциялар техникасын;
- Шұғыл көмек көрсету әдістерін.

Біліктілікті арттыру циклын бітіргеннен кейін мектептің орта медицина қызметкерлері істей алуы керек:

- Коммуникативтік дағдыларды қолдана білу;
- Медициналық құжаттармен жұмыс істеуді;
- Емдік-сауықтыру жұмыстарын жүргізуді, денсаулық топтарын анықтауды, физикалық даму деңгейін анықтауды;
- Негізгі мейіргерлік манипуляцияларды орындау (тері ішіне, тері астына, бұлшықет ішіне, тамырға дәріні егу, антропометрия, термометрия, педикулезді және қотырды қарау (болған жағдайда – өңдеу));
- Халықаралық стандарттар бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек көрсету (гипертермия, құрысып-тырысу, мұрыннан қан кету, бронх демікпесінің ұстамасы, анафалактикалық шок, жарақаттар, күйіктер);
- Оқушылар ауруларына, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларына сараптама жасау;
- Оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

2. Біліктілікті арттыру циклы бойынша оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырып атаулары	Оқу сағаттарының саны			Барлық сағаттар
		Дәрістер	Практикалық сабақтар	ТӨЖ	
1	Саланың негізгі нормативтік-құқықтық актілері. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС)	1		1	2
2	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	2	4	2	8
3	18 жасқа дейінгі балаларға шұғыл дәрігерге дейінгі көмек көрсету	2	4	3	9

4	Вакцинация. Эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету	2	4	3	9
5	Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру	1	4	3	8
6	Жыныстық және ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері. Отбасын жоспарлау мәселелері	2	4	3	9
7	Балалардың тірек-қимыл аппараты (сколиоз, май табан), көру мүшелері, стоматологиялық және отоларингоинологиялық ауруларының алдын алу	1	2	1	4
8	Балалардың самотикалық (тыныс алу, жүйке, жүрек-қан тамырлар жүйесі, асқазан-ішек жолдары, бүйрек-зәр шығару, эндокринді жүйелер патологиялары, қаназдық, инфекциялық) ауруларының алдын алу	1	2	2	5
	Барлығы	12	24	18	54

3. Дәрістердің тақырыптық жоспары

№	Дәріс тақырыптары	Қысқаша мазмұны	Сағат көлемі
1	Саланың негізгі нормативтік-құқықтық актілері. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС)	«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 17.02.2015ж. №179 «Денсаулық сақтау нысандарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» қаулысы, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) туралы» ҚР заңы.	1
2	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	Мейіргердің коммуникативтік құзіреттілігі: маңызды құрамдар, медициналық қызметтер сапасына әсері. Медициналық этика және деонтология.	2
3	18 жасқа дейінгі балаларға шұғыл дәрігерге дейінгі көмек көрсету	Клиникалық өлім белгілері. Жүрек-өкпе реанимациясы. Мейіргердің дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек көрсету тактикасы (гипертермия, құрысып-тырысу, мұрыннан қан кету,	2

		ларингоспазм, бронх демікпесінің ұстамасы, анафалактикалық шок, жарақаттар, күйіктер, талу, жоғары тыныс алу жолдарындағы бөгде заттар, жүрек соғу және тыныс алудың тоқтауы)	
4	Вакцинация. Эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету	ҚР екпелер тізбесі. Көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері. Екпе жасауды ұйымдастыру. Екпеден кейінгі реакциялар және асқынулар. Қауіпсіз иммунизация техникасы.	2
5	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	Мектеп жасындағы балаларға арналған дұрыс тамақтану негіздері. Никотин мен алкогольдің өсіп жатқан ағзаға әсері. Психобелсенді заттарды тұтынуын алдын алу, диагностикасының ерекшеліктері. Психоэмоционалдық жағдайлардың алдын алу.	1
6	Жыныстық және ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері. Отбасын жоспарлау мәселелері	Балаларды жыныстық тәрбиелеу. Жыныстық жетілу. Ұрпақты болу денсаулығына әсер етуші факторлар. Қаламаған жүктіліктің алдын алу. АҚТҚ, ЖҚТБ, жыныс жолымен берілетін инфекцияларды алдын алу.	2
7	Балалардың тірек-қимыл аппараты (сколиоз, май табан), көру мүшелері, стоматологиялық және отоларингоринологиялық ауруларының алдын алу	Балалардың тірек-қимыл аппараты (сколиоз, май табан), көру мүшелері (миопатия, астигматизм), стоматологиялық және отоларингоринологиялық ауруларының алдын алу. Мектептегі жарақаттарды және жазатайым оқиғалардың алдын алу. Балалардың мектеп жағдайында қауіпсіз болу шарттары.	1
8	Балалардың самотикалық (тыныс алу, жүйке, жүрек-қан тамырлар жүйесі, асқазан-ішек жолдары, бүйрек-зәр шығару, эндокринді жүйелер патологиялары, қаназдық, инфекциялық) ауруларының алдын алу	Балалардың тыныс алу, жүйке, жүрек-қан тамырлар жүйесі, асқазан-ішек жолдары, бүйрек-зәр шығару, эндокринді жүйелер, қаназдық, инфекциялық аурулардың алдын алу. Созылмалы патологиясы бар балаларға диспансерлік бақылау жасау қағидаттары.	1
	Барлығы		12

4. Практикалық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Практикалық сабақ атаулары	Қысқаша мазмұны	Сағат көлемі
1	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	Мектеп медбикесі қызметі мазмұнына қатысты әлеуметтік және медициналық психология аспектілері. "Медбике – оқушы - ата-ана" моделі шеңберінде тиімді қарым-қатынас дағдыларын алу Орта медициналық қызметкерінің балалармен жеке және топтық тәсіл шеңберінде қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру. Ұжымда өзара іс-қимылдың табыстылығын анықтайтын факторлар. Коммуникативтік кедергілер. Өзара іс-қимыл этикасы.	4
	18 жасқа дейінгі балаларға шұғыл дәрігерге дейінгі көмек көрсету	Жүрек-өкпе реанимациясын тренажерда машықтау. Мейіргердің шұғыл жағдайда техникасы мен тактикасы (гипертермия, құрысып-тырысу, мұрыннан қан кету, ларингоспазм, бронх демікпесінің ұстамасы, анафалактикалық шок, жарақаттар, күйіктер, талу, жоғары тыныс алу жолдарындағы бөгде заттар, жүрек соғу және тыныс алудың тоқтауы). Ауызкергіш пен тілұстағышты қолдану, мұрын қуысына алдыңғы тампонада жасау, қалталық ингаляторды қолдану, шина және асептикалық таңғышты, Геймлих әдісін қолдану, өкпені жасанды желдету және жүрекке тікелей емес массаж жасау. Оқу фильмдерін көрсету, презентациялар.	4
2	Вакцинация. Эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету	Профилактикалық екпелерді жоспарлау. Екпеден кейінгі реакциялар мен асқынулар. Қауіпсіз иммунизация техникасы. Құжаттамаларды толтыру, есептерді құру және тапсыру. Екпелерді жасау, екпелерден мүмкін болатын асқынулар мен оларды алдын алу шаралары.	4
3	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	СӨС қалыптастыру бойынша санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу. Мектеп жасындағы балаларға арналған дұрыс	4

		тамақтану негіздері. Психобелсенді заттарды тұтынуын алдын алу, психоэмоционалдық жағдайларды диагностикасының ерекшеліктері.	
	Жыныстық және ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері. Отбасын жоспарлау мәселелері	Ұрпақты болу денсаулығының концепциясы. Ерте жүктіліктің алдын алу, контрацепция. Отбасылық қарым-қатынас құндылығын тәрбиелеуге әрекеттену. АҚТҚ, ЖҚТБ, жыныс жолымен берілетін инфекцияларды, ерте жүктілікті алдын алу. Қауіпсіз жыныстық әрекет.	4
4	Балалардың тірек-қимыл аппараты (сколиоз, май табан), көру мүшелері, стоматологиялық және отоларингооринологиялық ауруларының алдын алу	Физикалық дамуын жай-күйін бағалау. Мүсіннің бұзылуын (сколиоз), майтабанды анықтау белгілері мен әдісі. Балалар көру қабілетінің нашарлауын, кариесті анықтау.	2
	Балалардың самотикалық (тыныс алу, жүйке, жүрек-қан тамырлар жүйесі, асқазан-ішек жолдары, бүйрек-зәр шығару, эндокринді жүйелер патологиялары, қаназдық, инфекциялық) ауруларының алдын алу	Тыныс алу ағзалары, жүйке жүйесінің, жүрек-қан тамырлары жүйесі, асқазан-ішек жолдары, зәр шығару жүйесі, эндокриндік жүйе, анемия, балаларда инфекциялық аурулардың симптомдары. Балаларда пульс, тыныс алу жиілігі мен жүрек соғуының жиілігін, артериалық қан қысымын, температурасын, қанда қант деңгейін анықтау, қан мен зәрдің жалпы талдауын жасау.	2
5	Барлығы		24

5. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тақырыптары – 18 сағ.

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы.
2. Мұрыннан қан кету, бронх демікпесінің ұстамасы, анафалактикалық шокта шұғыл медициналық көмек көрсету.
3. Туберкулездің алдын алу.
4. Шылым шегудің алдын алу.
5. Мектеп жасындағы балаларды адамгершілік және жыныстық жағынан тәрбиелеу.
6. Тірек-қимыл аппараты ауруларының алдын алу (мүсіннің бұзылуы, сколиоз, майтабандық).

6. Бағалау әдістері: қорытынды бақылау – тестілеу.

Тестілеу әдісі бойынша білімді бағалау және критерийлер

% дұрыс жауаптар	0-49%	50-74%	75-89%	90-100%
Баға	қанағаттанарлықсыз	қанағаттанарлық	жақсы	өте жақсы

7. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы.
2. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 17.02.2015ж. №179 «Денсаулық сақтау нысандарына қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» қаулысы.
3. Н. Н. Солодуха и др. «Сестринское дело в педиатрии», Минск 2012 г.
4. А.А.Баранов «Детские болезни», Москва, 2009 г
5. Б.Х. Хабижанов «Педиатрия», Алматы 2009
6. Мышкина А.К. «Сестринское дело», справочник, Москва 2008
7. В.П. Молочный, М.Ф. Рзякина, Н.Г. Жила «Неотложные состояния у детей: Вакцинация, инфекционные заболевания, оказание неотложной помощи», Минск 2012г.

Қосымша:

1. Медицина неотложных состояний - Зозуля И.С. - Учебник, Санкт-Петербург 2007
 2. Большая энциклопедия фельдшера и медсестры - Авдиенко И.В. - Медицинская энциклопедия, М 2009
 3. Справочник медицинской сестры - Барановский В.А. - Справочное пособие, СП 2009
 4. Справочник по неотложной медицинской помощи - Бородулин В.И. - Справочное пособие, М 2010
 5. Н.Г. Соколова «Сестринское дело в педиатрии: практикум», Санкт-Петербург 2000
 6. К.М. Сергеева «Педиатрия», Москва 2001
 7. Основы сестринского дела - Двойников С.И. - Аббясов И.Х. – Учебник, Москва 2007
 8. Цыбулькин «Несчастные случаи у детей», Санкт-Петербург, 2005 г
- Ссылки: http://pbprog.ru/documents/documents_element.php?ELEMENT_ID=1040;
http://dgsn.sko.kz/rus/index.php?pid=gosudarstvennaja_programma_razvitija;
http://continent-online.com/Document/?doc_id=1045135.
http://www.balazan.kz/comon/zakon/section2.php?SECTION_ID=145
http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30479065
http://kazakhstan.news-city.info/docs/sistemasz/dok_ieqvbo/index.htm
<http://tubdis.kz/ru/2012-01-16-10-55-00/114.html>
<http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001113>